

БЕКІТЕМІН

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»
КеАҚ басқарма төрағасы - ректоры

А.М. Наметов
« 22 » 02 2024 ж.



ИНЖЕНЕР - ЭНЕРГЕТИК
ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ
СМЖ.07.ЛН.159

№ 06 басылым
№ ____ дана

Дайындалды: 19.02.2024ж.	Келісілді: 21.02.2024ж.	Енгізілді: 23.02.2024ж.
Шектібаев М.Д. <u>[Signature]</u>	Тағаев О.О. <u>[Signature]</u>	Орнына:
	Алмагамбетова М.Ж. <u>[Signature]</u>	СМЖ.07.ЛН.159
	Тасқалиев Е.К. <u>[Signature]</u>	25.02.2021ж.
	Ихсанов Е.Б. <u>[Signature]</u>	Қайта қаралуы:
		23.02.2024ж.

Мазмұны

1. Тағайындалуы
2. Қолдану саласы
3. Лаузымдық міндеттері
4. Жауаптылығы және өкілеттілігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты,	Қолы

1. Тағайындалуы

Бұл нұсқаулық Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес дайындалды.

2. Қолдану саласы

Бұл нұсқау инженер-энергетикке бағытталып жасалған.

3.Лауазымдық міндеттері

3.1. Инженер – энергетиктің міндеттері:

3.1.1. Энергетикалық жабдықтың, электрлік желілердің, үздіксіз жұмыс істеуін, дұрыс пайдалануды, жөндеуді және жетілдіруді қамтамасыз етеді;

3.1.2. Энергиялық шаруашылықты пайдалануға қажетті жабдықты, материалдарды, қосалқы бөлшектерді сатып алуға арналған өтінімдерді жасайды, энергия ресурстарын үнемдеу, кәсіпорын бөлімшелерінің электрге қажеттіліктер бойынша іс-шаралардың қажетті негіздемелерін есептеуді орындайды, оларды жұмсау нормаларын, олардың энергияға қажеттіліктерін шығара отырып, кәсіпорын бөлімшелерінің жұмыс режимін әзірлеуге қатысады;

3.1.3. Электр шығыс нормаларының сақталуын бақылайды, энергия жүйесінің ең көп іске қосылу сағаттарында энергетикалық жүктемелерді төмендету кестесін жасайды және олардың кәсіпорынның бөлімшесі үшін айқындалған мөлшері шегінде орындалуын қамтамасыз етеді, кәсіпорынға орнатылған энергетикалық, электрлік және табиғатты қорғау құрылғыларын паспорттауды жүргізеді;

3.1.4. Энергетикалық қондырғылар мен желілерді өнеркәсіптік сынақтан өткізуге және қабылдап алуға, энергетикалық жабдықтың апаттық себептерін қарауға қатысады және олардың алдын алу, қауіпсіз еңбек жағдайларын құру бойынша іс-шаралар әзірлейді және автомат құралдарын тексеруді және сынақтан өткізуді ұйымдастырады;

3.1.5. Университетте қолданылатын бақылау-өлшеу, электрлік техникалық құралдарына техникалық қадағалауды жүзеге асырады;

3.1.6. Энергетикалық жабдыққа арналған стандарттарды және техникалық талаптарды әзірлеуге және ендіруге қатысады, мердігерлік ұйымдармен жабдықты жөндеуге арналған шарттар жасау үшін қажетті материалдар дайындайды. Энергия жабдығының күрделі және басқа жөндеуден өткізудің орындалуын бақылайды;

Энергиялық қондырғылар мен желілерді пайдалану және жөндеу кезінде еңбек қорғау ережелері мен нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді. Бекітілген нысандар мен көрсеткіштер бойынша есептілікті дайындайды;

3.1.7. Университеттің энергетика саласы бойынша қызмет ететін адамдарға жұмыс барысында басшылық жасау. Қызметкерлердің кәсіби мамандығы бойынша білімін көтеру жұмысын ұйымдастырады;

3.1.8. Өз өкілеттілігі шеңберінде СМЖ іс әрекетіне қолдау көрсетеді.

3.2. Бағыныштылығы:

3.2.1. Инженер – энергетик қызметке Басқарма төрағасы - ректордың бұйрығымен қабылданады және босатылады;

3.2.2. Инженер - энергетик «Өндірістік, техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыздандыру» департаментінің директорына бағынады.

3.3. Инженер – энергетик мыналарды білуі керек:

3.3.1. Энергетика саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері, энергетикалық жабдықты және коммуникацияларды пайдалану жөніндегі әдістемелік және басқа нормативтік материалдар, энергетикалық шаруашылықты ұйымдастыру, кәсіпорынның техникалық даму перспективалары, техникалық сипаттамалар, құрастыру ерекшеліктері, жұмыс режимдері және энергетикалық жабдықты техникалық пайдалану ережесі, жоспарлы-алдын ала жөндеу және жабдықты тиімді пайдалану жүйесі, жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және технологиясы, энергетикалық жабдықты бөлшектеу, реттеу, іске қосу және жөндеу әдістері, энергия ресурстарына, жабдыққа, материалдарға, қосалқы бөлшектерге, құралдарға арналған өтінімдерді жасау тәртібі, жабдықты жөндеуге өткізу және жөндеуден кейін қабылдау ережесі, кәсіпорын өнімі өндірісі технологиясының негіздері, энергетикалық жабдықты пайдалану, жөндеу және жетілдіру кезінде еңбекті ұйымдастыру талаптары, энергетикалық жабдықты пайдалану және жөндеу бойынша алдыңғы қатардағы отандық және шетелдік тәжірибе, экономика, өндірісті ұйымдастыру, еңбек және басқару негіздері, еңбек заңнамасы, ішкі еңбек тәртіп ережесі, өндірістік санитария ережелері, өрт қауіпсіздігінің талаптарын;

3.3.2. Осы лауазымдық нұсқауды.

3.4. Біліктілігіне қойылатын талаптар:

3.4.1. Тиісті мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және маман лауазымында мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс стажы немесе тиісті мамандығы бойынша орта техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіби) білімі және мамандығы бойынша лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс стажы болуы тиіс;

3.4.2. Іскерлік қарым-қатынаста мемлекеттік тілді және дербес компьютерде жұмыс істей білуі керек.

4. Жауапкершілігі мен өкілеттілігі

4.1. Инженер – энергетик жауапты:

4.1.1. Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңы негізінде әзірленген осы нұсқауда қаралған лауазымдық міндеттерін орындамаған немесе өз деңгейінде орындамалған жағдайда.

4.1.2. Өзінің қызметін атқарған кезде Қазақстан Республикасының әкімшілік, азаматтық және қылмыстық заңында көрсетілген заң бұзушылық жасаса.

4.1.3. Жауапкершілік шегі Қазақстан Республикасының еңбек, азаматтық және қылмыстық заңдарында көрсетілген материалдық зиян келтірген жағдайда.

4.2. Инженер – энергетик құзырлығы:

4.2.1. Өз құзырлығы шеңберінде университет атынан басқа да мекемелермен қарым-қатынас жасауға;

4.2.2. Өз өкілеттілігі жүретін құжаттарға қол қоюға.

4.3. Инженер – энергетик құқылы:

4.3.1. Кәсіби іс-әрекеті барысында қажетті жағдай жасауды сұрауға;

4.3.2. Кәсіби біліктілігін көтеруге;

- 4.3.3. Жөндеу және пайдалану қызметіндегі жетістігі үшін материалдық және моральдық жағынан марапатталуға;
- 4.3.4. Әрбір еңбек еткен жылына ұзақтығы 30 күнтізбелік күнге ақылы еңбек демалысына шығуға;
- 4.3.5. Өзінің кәсіби абыройы мен ар-намысын қорғауға.

5. Құжаттама

6. Сілтемелер

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015ж. №414-у;

ҚР «Білім туралы» заңы 27.07.2007ж. №319;

ҚР «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңы 11шілде 1997ж №151;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015ж №410-у;

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2020ж №553 бұйрығы «Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы»;

ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» жарғысы;

СМЖ.08.ҚЕ.06. Ішкі тәртіп ережесі;

ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттар.

БЕКІТЕМІН
 «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
 аграрлық- техникалық университеті»
 КеАҚ басқарма төрағасы-ректоры
 _____ А.М. Наметов
 « ___ » _____ 20__ ж.

ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Құжат	Санаты	Лауазымдық нұсқаулық	
	Атауы	Инженер - энергетик лауазымдық нұсқаулығы	
	Нөмірі	СМЖ.07. ЛН.159	
	Басылымы	06	
Өзгерістер жасау негіздемесі		Жоспарлы өзектендіру	
Өзгертудің мазмұны		Құжатты жаңа басылымда мазмұндау	
Құрастырған		Шектібаев М.Д. _____	___ 20__ ж.
Тексерген		Тасқалиев Е.К. _____	___ 20__ ж.